

8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 –Филология /6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша құрылған Диссертациялық кеңеске Сыздықов Серикбол Кусаиновичтің (6D021400/8D02308 –Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Критерий-лер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|--|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Сыздықов Серикбол Кусаиновичтің 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді:</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).</p> <p>2. ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.), «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдаулары, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы.</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021–2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттары.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс тақырыбы өзекті, сондықтан да ғылымға өз үлесін қосады, зерттеу нәтижесі бойынша тақырыптың маңыздылығы айқындалып, зерттеу тақырыбы толықтай ашылған. Ізденуші әдеби-шығармашылық үдерістегі ұлттық-этнографиялық құндылықтар |

| | | | |
|----|----------------------|--|---|
| | | | <p>генезисі мен проза поэтикасындағы орнын зерттеу барысында ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем игерілу тарихын талдауда кешенді жұмыс жасаған.</p> <p>Көркем әдебиеттегі этнографиялық материалдардың қолданысын зерттеуде әдебиеттанудан бөлек антропология, мәдениеттану, этнология, этнопсихология сияқты басқа да ғылым салаларымен интеграцияда қарастырылып, тың дәйектемелер ұсынған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста көне түркі дәуіріндегі әдеби жәдігерлерден, фольклорлық үлгілер мен жыраулар поэзиясынан бастау алып, ХІХ ғасыр әдебиетіндегі этнопрофизмдер түрлі көркемдік-эстетикалық арнада дамығандығы және ХХ ғасыр басындағы прозада этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальды ерекшеліктерді бейнелеудің дәстүрін қалыптасқандығын жүйелей отырып, А.Сейдімбек прозасындағы этнографиялық құндылықтардың поэтикалық қызметін айқындау арқылы зерттеу маңыздылығын танытқан. Зерттеу жұмысында Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ө.Марғұлан, Е.Тұрсынов, С.Қондыбай, С.Қасқабасов, К.Матыжанов т.б. сияқты ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізге алынған.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Өзі жазу принципі бойынша жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында барлық академиялық жазу қағидалары орындалып, барлық стильдік ерекшеліктер мен талаптар қатаң сақталған. Докторант жан-жақты ғылыми зерттеу жүргізіп, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары мен көркем мәтін негізінде тың тұжырымдар жасаған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Бірінші тарауда С.Сыздықов ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем игерілуі дәстүрінетокталса, екінші тарауда ұлттық-эстетикалық ұғымдардың А.Сейдімбек прозасының бейнелеу құрылымдарындағы орнына, авторлық таным мен көркем интерпретациясына талдау жасаған. Жазушының әңгімелері мен прозасындағы этнопрофизм мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында осыған дейін кең көлемде, |

| | | |
|--|---|--|
| | | арнайы қарастырылмауы бұл жұмыстың өзектілігін айқындайды. |
| | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертация мазмұны жұмыс тақырыбын айқындайды. С.Сыздықов кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, тақырыпты толық қамтыған. Зерттеуде ғылыми тұжырымдар нақты көркем мәтін арқылы дәйектелген, алынған нәтижелер зерттеу тақырыбына сай. |
| | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертант зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерге толығымен жеткен. Нақты міндеттерге сәйкес қазақ прозасындағы фольклорлық-этнографиялық элементтерді қолданудағы ортақ үрдістер анықталып, А.Сейдімбектің аңшылық, саятшылық, құсбегілік сияқты этнографиялық көріністерді бейнелеудегі стильдік ерекшелігі талданады. |
| | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | С.Сыздықовтың диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында логикалық байланыс сақталған. Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі екі бөлім, әр бөлім 3 параграфтан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлімде ұлттық-этнографиялық құндылықтардың әдеби шығармашылықтағы қызметі мен қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрі, екінші бөлімде А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестеріндегі этнографизмнің идеялық-эстетикалық тұрғыдағы қолдану аясы сараланады. Яғни бөлімдер бірінен бірі туындап, бірін бірін толықтырып отырады. Жұмыста тұжырымдарды нақтылау мақсатында кестелер мен сызбалар берілген. Бұл өз кезегінде зерттеудің өзектілігін айқындайды. Әр тарауда логикалық жүйе сақталып, барлық тараудың соңында алынған тұжырымдар мен нәтижелер көрсетілген. |
| | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып | Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдаулар жасалған. А.Сейдімбектің ұлттық-этнографиялық материалдарды көркем бейнелеудегі ерекшелігін |

| | | | |
|----|----------------------------|---|---|
| | | бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | көрсетудесалыстырмалы талдау, тарихи-типологиялық, герменевтикалық, репрезентативті форма әдістері тұрғысынан зерттеу жүргізіп, жаңа ұстанымдарын ұсына білген. Жазушының этникалық факторларға негізделген әңгімелері мен повестеріндегі ұлттық сана мен ұлттық мінезді танытатын этнопсихологиялық типтерді анықтауда, шығармалардағы этнографиялық дискурс табиғатын ашуда сыни талдаулар жасайды. Ізденуші бұған дейін жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдауы анық көрінеді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | С.Сыздықовтың диссертациялық жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Бұл жұмыс А.Сейдімбек прзасындағы этнографизмді арнайы нысан еткен алғашқы докторлық диссертация болғандықтан, зерттеу жұмыс тақырыбы өзекті және зерттеу нәтижелері толықтай жаңа деп айтуға негіз бар. Жұмыста жазушының ұлттық салт-санада қалыптасқан құндылықтарды бейнелеудегі қолданған әдіс-тәсілдері әдеби-теориялық тұрғыдан саралана келіп, қаламгердің бұл орайдағы идеялық-философиялық концепциясы айқындалады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Біріншіден, қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын этномәдени құндылықтардың көркемдік қызметі жеке жазушының мысалында зерттеу объектісіне айналып отыр. Екіншіден, зерттеу нәтижесінде А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестеріндегі образдар мен сюжеттерді әдеби-теориялық талдау арқылы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың танымдық және поэтикалық маңызы ашылады; Үшіншіден, этнографиялық символдар мен детальдар қазақ халқының ұлттық кодын танытушы құрал ретіндегі ерекшелігі А.Сейдімбектің прозалық туындылары мысалында жүйеленіп, зерттелген. Төртіншіден, А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестерінде кездесетін этномәдени архетиптердің мифологиямен, фольклормен, салт-дәстүрмен сабақтастығы талданды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, | Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | <p>экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Аталмыш зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажет етпейді.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ұлттық этнографиялық құндылықтардың қайнар бастаулары анықталған; – Қазақ прозасындағы ұлттық этнологияның көрінісі айқындалған; – Қазақ прозасында ұлттық-этнографиялық құндылықтарды бейнелеу дәстүрі жан-жақты сараланған; – А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-эстетикалық ұғымдардың поэтикалық қызметі ғылыми тұрғыдан сараланған; – Жазушының әңгіме-повестеріндегі этнографиялық детальдардың символдық мәні ауқымды зерттелген; – А. Сейдімбек «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» т.б. повестерінің этнопоэтикасында қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшем бірліктерінің алатын орны көрсетілген; – Қаламгер прозасындағы ұлттық дәстүрдегі этикалық-ұжданлық категориялардың философиялық-психологиялық, символика-аллегориялық маңызы анықталады; – А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік интерпретациясын оқырман тұлғасымен тығыз байланыста алып қарастырады. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> | <p>7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысы барысында 9 мақала жарияланып, жұмыс толық апробациядан</p> |

| | | | |
|----|---|---|---|
| | | <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>өткен. 2 мақала Scopus базасындағы журналда, 4 мақала ҚР ҒЖБМ ұсынған журналдарда, 2 мақала ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 мақала алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференция жинағында жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеу әдіснамасы толық сипатталған. "Зерттеуде автор салыстырмалы талдау, баяндау, тарихи-типологиялық, герменевтикалық, репрезентативті форма әдістемелерін қолданып, қазақ әдебиеттануында тың ізденістер мен тұжырымдамалар ұсына білген.</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында А.Сейдімбек прозасының поэтикасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін айқындауда мәдениетаралық байланыстар ескерілген.</p> |
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер</p> | <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Әдебиеттанудың зерттеу объектісі көркем мәтін болғандықтан ғылыми жұмыс мәтін талдаумен байланысты, осы ретте докторант теориялық қорытындыларды А.Сейдімбектің әңгімелері мен повестерінің мәтіндері арқылы дәйектеп отырған.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|---|
| | | педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған | Диссертацияда теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және зерттеулер дәлелденген. Ізденушінің этнографизмге қатысты тұжырымдары А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, С. Мұқанов, А. Нұркатов, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, Р. Бердібаев, З. Ахметов, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, М. Мырзахметұлы, М. Атымов, Ш. Елеукенов, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, З. Серікқалиұлы, Н. Келімбетов, Б. Майтанов, Ж. Дәдебаев, Ш. Ыбыраев, З. Бисенғали, Ә. Әзиев, Т. Жұртбай, Ө. Әбдиманұлы, А. Егеубаев, М. Хамзин, К. Матыжанов, Ш. Керім, Б. Әбдіғазизұлы, А. Таңжарықова, Т. Жұмажанова, Т. Тебегенов, Т. Рақымжанов, Д. Қамзабекұлы, Б. Омарұлы, Ә. Шәріп, С. Асылбекұлы, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева, Ж. Жарылғапов, Г. Балтабаева сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жасалған сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз | Зерттеу жұмысында фольклор мен әдебиет теориясына, қазақ әдебиетінің тарихы мен проза поэтикасына, мәдениеттану мен этнографияға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері жан-жақты қамтылған. Нәтижесінде пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 159 дереккөз көрсетілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Ғылыми жұмыс барысында алынған нәтижелер қазақ халқының ұлттық ерекшелігін айқындайтын этномәдени құндылықтардың ұлт санасына ықпалы, көркем ойлау жүйесіндегі алар орны А. Сейдімбек прозасы арқылы көрсетілген. Қаламгердің әңгімелері мен повестеріндегі этнографиялық сюжеттер мен образдарды, символдар мен детальдарды, автордың көркем интерпретациясын нақты мысалдармен дәлелдеуі жеткілікті дәрежеде. |

| | | | |
|-----|---------------------------|---|---|
| | | | Алынған теориялық тұжырымдар қазіргі әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» жұлдарында, сонымен қатар эпикалық шығармаларды, оның ішінде проза жанрларын, ондағы ұлттық дүниетаным, этнографиялық ерекшеліктер мәселесін талдауда пайдаланған тиімді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. С.К.Сыздықовтың философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы барлық талаптарға сәйкес келеді, аяқталған жұмыс. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен ресімдеу талаптарына сәйкес келеді. С.К.Сыздықовтың (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған зерттеу жұмысында ҚР ҒЖБМ талаптары сақталған. |

Диссертацияның мазмұнына және жазылуына байланысты ізденушіге төмендегі ескертпе-ұсыныстарды айтқымыз келеді:

1. Этнографиялық проза негізінен фольклор мен әдебиеттің синтезі негізінде пайда болған құбылыс. Яғни фольклоризм мен этнографизм бір-бірімен өте тығыз байланысқан ұғымдар. Диссертацияда жалпы проза поэтикасындағы фольклорлық дәстүр жайында теориялық тұжырымдар келтірілгенімен, А.Сейдімбектің көркемдік жүйесіндегі фольклордағы бейнелеу құралдарының көрінісі аз талданған.

2. Этнографиялық элемент, ең алдымен, көркем шығарманың тілінде көрінеді. Көркем мәтінді ауызекі тілмен байыту – бұл этнографиялық элементті көркем шығармаға енгізудің бір жолы. Мәселен, жазушы қолданатын мақалдар мен мәтелдер – ұлт санасында қалыптасқан этностереотиптер. А.Сейдімбектің халықтың салт-дәстүрлерін сипаттайтын мәтіндеріндегі осындай лингвостилистикалық қызметтерді де айқындай түсу қажет еді.

3. Этномәдени архетиптер – тарихи-мәдени категория ретінде ұлттың болмыс-бітімін айқындап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетін рухани құндылықтар жиынтығы, ұлттың жады. Зерттеу жұмысында А.Сейдімбек прозасында кездесетін «бөрі», «күй», «абыз», «мәуелі бәйтерек» т.б. этномәдени архетиптердің мифологиямен, фольклормен, салт-дәстүрмен сабақтастығы талданса жұмыстың құндылығы артар еді. Диссертант бұл орайда «жайлау», «дала» архетиптерін қарастырумен шектелген.

4. Диссертант зерттеу еңбектің кей тұстарында тұжырымды ойларды нақты сипаттайтын ғылыми стильден гөрі, экспрессивтілікке құрылған публицистік стильге және ойды образдап ұсынатын көркем әдебиет стиліне жол беріп алады. Мысалы, «Ол

қанымыздағы кісілік пен парасат қасиеттерінің тектілігін жоймастан бала көкірегінде сайрауынан туындайтын тылсымында болса керек. Бәлкім, осынау күрделі тіршілігімізде көз жазуға болмайтын ең асылымыз да осы болса керек (54-б), «Ұрпағын ғасырлар бойы қалыптасқан далалық этиканы ұстанып, табиғатқа жанашырлықпен қарауға бағытталған маусымдық ерекшеліктерге сай заңдылықтардан аттамауға баулып отырған» (66-б), «Осы бір көркем суреттеулерде жайлаудың көз тартар көркем бейнесі көз алдына келеді. Жайлау әрбір қазақтың «жанын сергіте», «көңілін желпінте» түсетін тіршілік мекені. Бүгінгі таңда ұлттық салтымыздан ұзап бара жатқан осы бір тіршілік күйі қазақ дүниетанымынан сыр шертетіні анық» (72-б), «Шағын әңгіме болса да қаншама этникалық сипаттағы мәліметтерге, қазақтың терең ұлттық танымына қанық боласың» (73-б), «Атам қазақ мал баққан, малмен бірге ой баққан» деген ұлағат тегін айтылмаса керек. Мал бағу дегеніңіз – жай барақаттық емес, қас қағым сәтте болатын оқыс дүниеге дайын болу деген сөз» (81-б), «Рас, морт сынған Ршыман тағдырына күйнесің. Батыл шешімдеріне сүйсінесің. Ол сүюге хақылы. Қамшының сабындай келте ғұмырында үнемі қой соңында жүрсін, кемпірін төңіректеп, отбасы бүтіндігін ойлаумен өтсін деп үкім шығара алмаймыз» (94-б), «Ұлы даланың қызығы бір бөлек болса, ондағы тұрмыс hareketі де оңайлықпен уысқа түсе бермейтіні халқымыз нақыл сөздерінде айтып кеткен болатын» (107-б).

Алайда, бұл көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз.

Шешім: 8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша қорғауға ұсынылған Сыздықов Серікбол Кусаиновичтің (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің профессоры,

филология ғылымдарының докторы

Бағ мазманы қ.к.б.

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫҒА ТАЙМЫЗ



«4» қыркүйек 2023 ж.

Жарылғапов Ж. Ж.